

«КЕЛІСЕМІН»

«Qazaq kuresi» Ассоциацияның
Бас директоры



Е. Мырзабосынов
2022 ж

«БЕКІТЕМІН»

ҚР БҒМ «ҰҒПДТО» РМҚК
Бас директоры



С. Садықов
2022 ж.

«КЕЛІСЕМІН»

Халықаралық Тараз инновациялық
институтының ректоры



Е. Саурыков
2022 ж.

**ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН «ОҚУШЫ АРЛАНЫ» (ҰЛДАР),
«ОҚУШЫ ҚЫРАНЫ» (ҚЫЗДАР) 11-СЫНЫП
ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ТУРНИРІН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ**

Тараз қ.
2022 ж.

1. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТІ

- 1.1. Қазақстан Республикасында ұлттық спорт түрлерін дамыту арқылы салауатты өмір салтын насихаттау.
- 1.2. Қазақ күресін мектеп оқушылары арасында кеңінен насихаттау және бұқаралық сипатын арттыру.
- 1.3. Бұқаралық спортты дамыта отырып, оқушылардың достық пен өзара татулық қатынастарын нығайту.
- 1.4. Талантты жас спортшыларды іріктеуге бағытталған жұмыстарды мақсатты түрде іске асыру.

2. ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР

- 2.1. Қазақ күресінен «Оқушы арланы» (ұлдар), «Оқушы қыраны» (қыздар) 11-сынып оқушылар арасында республикалық турнирін өткізуге жалпы басшылықты ҚР БҒМ "Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы" (бұдан әрі-ҰҒПДТО) жүзеге асырады.
- 2.2. Жарысты тікелей өткізу ҰҒПДТО бекіткен төрешілер алқасына жүктеледі.
- 2.3. Осы Ережені іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіруді Жамбыл облысы әкімдігінің Білім басқармасының «Ғылыми-тәжірибелік дене шынықтыру орталығы» КММ.

3. ӨТКІЗІЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

3.1. Турнир 2022 жылдың 18-21 мамыр аралығында Тараз қаласындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты (Сәтпаев көшесі.1) спорт кешенінде өткізіледі.

18 мамыр - командалардың келу күні;

19 мамыр – жарыстың ашылу салтанаты;

20 мамыр – жарыстың жабылу салтанаты;

21 мамыр – командалардың қайту күні.

ЕСКЕРТПЕ: 11 - сынып оқушылары барлық аймақтан (облыс, республикалық маңызы бар қалалар) әр салмақта ұлдар 3 спортшыдан, қыздар 3 спортшыдан жіберіледі.

4. ТУРНИРДІ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Қазақстан Республикасының «Qazaq kuresi» Ассоциацияның бекіткен қазақ күресі ережесі бойынша өткізіледі.

4.2. Турнирге тапсырыс 2022 жылдың 13-мамырға дейін nnpfcfk.sport@mail.ru электронды поштасына қабылданады.

4.3. Салмақ дәрежелері:

- ұлдар: +60 келі;
- қыздар: +56 келі.

4.4. Турнирге қатысушыларға «РЕГЛАМЕНТ» ережелерін бұзғаны немесе ұйымдастыру комитетінің шешімдеріне бағынбағаны үшін, ұйымдастыру комитеті келесі тәртіптік шараларды қолдануға құқығы бар:

- а) ескерту;
- ә) нәтижелерін жою;
- б) жарыстан шектету.

5. ҚАТЫСУШЫЛАР МЕН ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

5.1. Турнирге арнайы дәрігерлік рұқсаты бар Қазақстан Республикасының облыстары мен қалаларының жалпы білім беретін мектептердің 11 сынып оқушылары қатыса алады.

5.2. Қатысушылар турнир басталмастан бір күн бұрын жарыс өтетін орынға келуі тиіс.

5.3. Қатысушылар турнир бағдарламасында бекітілген жоспар бойынша кездесулерге, жаттығуларға, тағы да басқа іс-шараларға қатысуы тиіс.

5.4. Турнирдің барлық қатысушылары жалпы қабылданған моральдық – этикалық нормаларды сақтауға, оның ішінде: ереже талаптарына бағынуға, турнирге қатысушы басқа да балуандар мен жанкүйерлерге құрмет көрсетуге сонымен қатар, турнирдің жоғары деңгейде өтуіне атсалысуға міндетті.

5.5. Қатысушылар жарысқа сақтандыру полюсін рәсімдеуі тиіс.

5.6. Мандат комиссиясына келесі құжаттар беріледі: әрбір қатысушының жеке куәлігі, туу туралы куәлігі (*түпнұсқа*) немесе нотариалды расталған көшірмесі, мектеп директорының қолы қойылып, мөрі басылған оқушының суретімен мектеп анықтамасы (*қосымша 2*) және 1-қосымшаға сәйкес тапсырыс парағы.

6. ТУРНИР ШЫҒЫНДАРЫ

6.1. Ойындарға қатысушылардың қаржылық шығындары (жол жүру, тәуліктік, тамақтану, тұру) іссапарға жіберуші ұйымдардың есебінен.

6.2. Дипломдарды, кубоктарды, медальдарды, баннерлерді, төрешілердің, дәрігерлердің және қызмет көрсетушілердің еңбек ақысын төлеуді, жарысты өткізу орнын және көлік қызметтерін жалға алуды, ойындарды өткізуге байланысты шығыстар ҰҒПДТО есебінен жүзеге асырылады.

7. ТӨРЕШІЛІК, АПЕЛЛЯЦИЯ МЕН ДАУЛЫ МӘСЕЛЕЛЕР

7.1. Жарысты өткізу тікелей Қазақстан Республикасы «Qazaq kuresi» Ассоциацияны бекіткен бас төреші мен төрешілер алқасына жүктеледі.

7.2. Барлық даулы мәселелер (наразылықтар) «Qazaq kuresi» Ассоциациясы бекіткен ережелер мен талаптарға сәйкес, жарыстың бас төрешісінің шешімі бойынша қабылданады.

8. МАРАПАТАУ

8.1. Турнир жеңімпаздары мен жүлдегерлерін ҰҒПҚДТО-ның дипломдары, кубоктары және медальдарымен марапатталады.

8.2. Жеңімпаз-жүлдегерлерге (2022 жылғы мектеп бітірген түлектерге) Халықаралық Тараз инновациялық институтына 1(бір) жылдық оқу төлемақысына келесі жеңілдіктер (ректорлық гранттар) беріледі: **I орын – 100 %,, II орын 75 %,, III орын – 50 %.**

№	Әріптері	Сарыбы	Салмағы	ЖСН	Дәрігердің қолы

Марамо басшысы:

Дәрігер:

Жауапты:

Қосымша 1

**ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН «ОҚУШЫ АРЛАНЫ» (ҰЛДАР),
«ОҚУШЫ ҚЫРАНЫ» (ҚЫЗДАР) 11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ
АРАСЫНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРІНЕ
ТАПСЫРЫС**

Облысы _____

Мектебі _____

№	Спортшының аты-жөні	Туылған күні, айы, жылы	Сыныбы	Салмағы	ЖСН	Дәрігердің рұқсаты
1						
2						
3						
4						

Мекеме басшысы:

Дәрігер:

Жаттықтырушы:

Қосымша 2



**ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН «ОҚУШЫ АРЛАНЫ» (ҰЛДАР),
«ОҚУШЫ ҚЫРАНЫ» (ҚЫЗДАР) 11 СЫНЫП
ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ТУРНИРИНЕ ҚАТУСУШЫНЫҢ
ЖЕКЕ КАРТОЧКАСЫ**

М.О.

(мектептің мөрі фотосуреттің бұрышына басылады)

Мектептің атауы _____

Туған жылы _____

Сыныбы _____

Мектеп директоры _____

(А.Т.Ә., қолы, мөрі)